

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 304 (2015), 253 – 260

**EXPERIENCE OF STRATEGIC PLANNING IN KAZAKHSTAN AND TRENDS****D. M. Turekulova, F.K. Dosmambetova, Baybasheva G.K**

Kazakh University of Economy, Finance and International Trade

\*E-mail: [Dos54@mail.ru](mailto:Dos54@mail.ru)**Key words:** strategy, strategic planning, and diversification.

**Abstract:** State planning is becoming increasingly important for government regulation to implement the tasks set by the President of the Republic of Kazakhstan in the Address to the Nation of entering the 50 most competitive countries of the world. The objective of the new system of state planning in the Republic of Kazakhstan is the enforcement of the Strategy "Kazakhstan-2030", the Strategic Development Plan until 2020, approved by the President of the Republic of Kazakhstan and all the other strategic documents adopted for the further development of Kazakhstan.

This article discusses the experience of formation of strategic planning in Kazakhstan, as well as covering the most essential aspects of strategic planning. The article also describes the strategic goals and objectives, the intermediate results of the strategy and programs of the Republic of Kazakhstan.

The main directions of improvement of the system of state strategic planning, results-oriented in the Republic of Kazakhstan. It is shown that the problem of linking budget programs with the priorities of the state policy, the distribution of budget resources by strategic objective.

УДК 332.1(574):001.895

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ  
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ****Турекулова Д. М., Досмамбетова Ф.К., Байбашева Г.К., Абдулина Г.А.**

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Т. Рысқұлов ат. Жаңа экономикалық университеті

\*E-mail: [Dos54@mail.ru](mailto:Dos54@mail.ru), [agul-a@mail.ru](mailto:agul-a@mail.ru)**Түйін сөздер:** стратегия, стратегиялық жоспарлау, әртарапандыру.

**Аннотация** Стратегиялық жоспарлау - ел экономикасының бәсекегеабілеттілігін қамтудың тиімді құралы ретінде нақты кезеңге көрсетілген бағдарламаны жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ретін көрсетеді.

Бұл мақалада Қазақстандағы стратегиялық жоспарлаудың қалыптасу тәжірибесі қарастырылады, сондай ақ, стратегиялық жоспарлаудың маңызды аспектілері ашылады. Қазақстандағы қабылданған стратегиялардың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері, аралық нәтижелері сипатталады. Стратегиялық даму жоспары елдің экономикасын және әлеуметтік дамытудың стратегиялық бағыттарына ірі ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға салық, несие, қаржы саясатын жүзеге асыруға тұрақты ақша айналымын қамтамасыз етуге шоғырландырушы құжаты бола отырып, болашақтағы дамуды анықтау, сонымен қатар, алға қойылған мақсатқа жетудің жолдары мен әдісін белгілеу, міндетті орындауда болуы, ықтимал шығындар мен зауалымдарды көруді қамтиды деп түйін жасауға болады.

**Кіріспе.** 1997 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын (бұдан әрі – «Қазақстан – 2030» стратегиясы) белгіленді. Бұл Стратегия егеменді елімізді әлемнің ең қауіпсіз, тұрақты, экологиялық орнықты, экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерінің біріне айналдыруға бағытталған ұзақ мерзімді даму жолын айқындап берді.

«Қазақстан – 2030» стратегиясында жеті ұзақ мерзімді басымдық айқындалған: ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның топтасуы; шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу; Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты; энергетика ресурстары; инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс; кәсіби мемлекет. Осы басымдықтар елді одан әрі дамыту жөніндегі нақты іс-қимылдар әзірлеудің негізіне айналды [1].

Қазақстан Республикасының Президенті 2001 жылғы желтоқсанда бекіткен Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар – 2010) «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асырудың алғашқы онжылдық кезеңі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар – 2020) Қазақстанның 2010 жылдан 2019 жылдар кезеңін қамтитын даму бағдарламасының төмендегідей кезеңі берілген.

Стратегиялық жоспар – 2010 іске асырылудың аяқталу мерзіміне қарай және Стратегиялық жоспар – 2020 әзірлеу кезеңінде дамудың сыртқы жағдайлары елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазақстан соңғы жетпіс жыл ішіндегі ең ауыр жаһандық дағдарысқа қарсы тұруға беттеді [2].

**Зерттеу нәтижелері** - Экономикалық айналымның әсер етуі, бірінші кезекте, ағымдағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсері ұлттық экономиканың әлемдік немесе өңірлік дағдарыстардың келеңсіз салдарына төтеп беруін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажеттілігін анықтайды.

Елдің дағдарыстан кейінгі дамуы үшін жағдайлар жасайтын бірінші кезектегі шаралар іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға, елдің қаржы жүйесін нығайтуға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға шоғырландырылады.

Экономиканың сапалы өсуі елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуына ықпал ететін физикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға, адами ресурстарды дамытуға және институционалдық базасын нығайтуға негізделеді.

Әлеуметтік қорғалу, ішкі тұрақтылық және үйлестірілген сыртқы саясат мәселелері таяудағы онжылдықта елдің даму басымдықтарының қатарында сақталатын болады.

Стратегиялық жоспар – 2010 өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мемлекеттік сектор сияқты әрбір басым сала бойынша күтілетін нәтижелерді айқындау жолымен «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асыру негізін салды.

Стратегиялық жоспар – 2010 бәсекеге қабілетті экономика құру, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, сондай-ақ әлеуметтік саладағы, бірінші кезекте білім беру және денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің қолжетімділігін кеңейту жөніндегі міндеттерді белгіледі. Өкілеттіктерді орталықсыздандыруға екпін сала отырып, мемлекет қызметінің тиімділігін арттыру мемлекеттік қызметтер көрсетуді сапалы әкімшілендіру де өткен онжылдық кезеңдегі маңызды стратегиялық басымдық болды. Осы міндеттердің кейбірі орындалды немесе орындалуға жақын, алайда өктем талаптардың бір бөлігі келесі онжылдықта да өзекті болып қалады.

Стратегиялық жоспар – 2010 әзірленіп жатқан кезеңде әлемнің көптеген елдері өздерінің экономикалық даму шыңында еді. Стратегиялық жоспар – 2010 іске асыру кезеңінде көптеген басым салалар бойынша айтарлықтай прогреске қол жеткізілгеніне қарамастан, реформалаудың күн тәртібінің көптеген тармақтары аяқталмай қалып отыр. Бәсекеге қабілетті әрі әртараптандырылған экономиканы дамыту бағдарламасы одан әрі жалғастыруды талап етеді. Білім беру және денсаулық сақтау қызметтерін көрсету сапасы әлі де жақсартуды талап етеді. Стратегиялық жоспар – 2010 іске асыру кезеңінде басталған мемлекеттік сектордағы реформалар әлі де аяқталмай қалып отыр. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігінің ажыратылуы, мемлекеттік қызметтегі ынталандыру жүйесін дамыту, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын және оларды әкімшілендіру тиімділігін арттыру – осы мәселелердің бәрі Стратегиялық жоспар – 2020 іске асыру кезеңінде одан әрі шешуді талап етеді.

Стратегиялық жоспар – 2020-ға дайындық түбегейлі басқа – жаһандық экономикалық құлдырау – жағдайларда жүзеге асырылды. Жаһандық экономиканың дамуын бағалау, оны қалпына келтіру баяу жүреді дегенге саяды. Әлемдік сұраныстың азаюына орай экспорттық нарықтағы бәсекелестік күшейе түседі, ал тауарлардың бағасы тұралайтын болады немесе өткен

онжылдыққа қарағанда ақырын өсетін болады.

Жаһандық экономиканың болжанып отырған шамалы өсімі мен экологиялық таза энергетикалық технологиялар рөлінің өсуі дәстүрлі энергия тасығыштардың әлемдік бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Стратегиялық жоспар-2020 іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер үшін де және халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды. Әкімшілік рәсімдердің шеңберін белгілеп, оларды жүзеге асырудың ашықтығын арттыра отырып мемлекет Қазақстандағы іскерлік ахуалдың маңызды аспектілеріне әсер ететін төрешілдікті және сыбайлас жемқорлықты азайтуға ұмтылатын болады.

1-кесте – Бизнес ахуалды жақсарту жөніндегі стратегиялық мақсаттар

| Стратегиялық мақсаттар   | Жүзеге асырылу жылдары |
|--|------------------------|
| 1) жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау үшін реттеушілік әсер етуді талдау әдістемесі (РӨТ) әзірленетін болады;<br>2) Қазақстанның Дүниежүзілік Банктің «Бизнес жүргізудегі жеңілдік» («Doing Business») рейтингі бойынша көрсеткіштері 2008 жылымен салыстырғанда жеті позицияға жақсарады;<br>3) Еуропа қайта құру және даму банкі мен Дүниежүзілік Банктің Іскерлік ахуалға және кәсіпорындар жұмысының тиімділігіне полудағы (BEEPS) бизнес ортаның даму көрсеткіштері жақсарады;<br>4) уақыт пен шығындарды қосқа алғанда, бизнесті тіркеуге және жүргізуге байланысты операциялық шығындар (рұқсат алу; лицензия алу; сертификат алу; аккредитация; консультация алу) 30%-ке қысқарады   | 2011 жыл               |
| 1) Қазақстанның Дүниежүзілік Банктің «Бизнес жүргізудегі жеңілдік» («Doing Business») рейтингі бойынша көрсеткіштері 2011 жылмен салыстырғанда жеті позицияға жақсарды;<br>2) уақыт пен шығындарды қосқа алғанда, бизнесті тіркеуге және жүргізуге байланысты операциялық шығындар (рұқсат алу; лицензия алу; сертификат алу; аккредитация; консультация алу) 2011 жылымен салыстырғанда 30 %-ке қысқарады;  | 2015 жыл               |
| 1) экономиканың шикізат емес секторларына салынатын отандық және шетелдік инвестициялар (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, қызметтер) кемінде 30 %-ке ұлғаяды;<br>2) ЖІӨ-ге тікелей шетел инвестицияларының (ТШИ) үлесі он проценттік деңгейге ұлғаяды;<br>3) ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі 7-10 %-ке ұлғаяды;<br>4) инвестиция көздері әртараптандырылады (әрбірінің үлесі 5 % және одан көп болатын негізгі 10 инвестор ел);<br>5) Қазақстан Дүниежүзілік Банктің «Бизнес жүргізудегі жеңілдік» («Doing Business») рейтингі бойынша көрсеткіштері ең жақсы 50 елдің қатарына енеді;<br>6) Қазақстан «Transparency International» рейтингінде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша үштен бір елдер қатарында | 2020 жылға қарай       |
| Ескерту: әдебиет негізінде автордың құрастыруымен  |                        |

Стратегиялық жоспар – 2020 іске асыру кезеңінде үдемелі индустрияландыру жолымен экономиканы әртараптандыру жеделдетіледі.

Экономиканың өнімділігін кешенді арттыруға бағытталған елді индустрияландыру келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

– кейіннен шикізат өндірістерін барынша жоғары қайта бөлістерге өтуімен дәстүрлі салаларды: мұнай-газ секторын, тау-кен-металлургия кешенін, атом және химиялық өнеркәсіптерді дамыту;

– жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялар мен мемлекеттің сұранысына негізделген секторларды: машина жасауды, құрылыс индустриясын, қорғаныс өнеркәсібін, фармацевтиканы дамыту;

– шикізат секторына байланысты емес және көп жағдайда экспортқа бағытталған өндірістерді: агроөнеркәсіптік кешенді, жеңіл өнеркәсіпті, туризмді дамыту;

– әлемдік экономикада кейінгі 15-20 жылда басым рөл атқаратын «болашақ экономика» секторларын: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, биотехнологияларды, баламалы энергетиканы дамыту.

Қазақстанды индустрияландыру қолайлы экономикалық ортаны қалыптастырумен және табысты индустрияландыру принциптерін сақтаумен бірге жүреді.

Қолайлы экономикалық ортаға ұтымды макроэкономикалық саясатпен, тиімсіз жобаларға қарсы іс-қимыл жүйесін құрумен, ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырумен, оның ішінде ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жобалар (ҒЗТКЖ) жүйесін жетілдірумен қолдау жасалады.

Қазақстан шикізат ресурстарын ірі экспорттаушы ретінде шикізатты экспорттаудан түсетін қаржыны пайдалану мен экономиканың барлық салаларында дамуға ықпал ететін макроэкономикалық жағдайларды жасау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді [3].

Табиғи ресурстардан түскен пайданы тез жұмсау валютаның айырбас бағамын жоғарылатады және «экономиканың саудаласпайтын салаларын» (қаржы секторы, жылжымайтын мүлікпен операциялар және қызмет көрсету саласы) дамытуға жетелейді. Қазақстанда валюталық бағамды бақылаудың жоғалуынан өз кезінде жанданған агроөнеркәсіптік кешеннің және өңдеуші өнеркәсіптің іс жүзінде жоғалуына тап болған ресурстарға бай басқа елдердің тәжірибесі ескеріледі.

Экономиканы әртараптандыруды жеделдету үдерісінде мемлекет тиімсіз жобалардың іске асырылуына қарсы тұрады. Әртараптандыруды Мемлекеттік қаржыны жұмсау үдерісінің ашықтығы артады. Мемлекеттік қаржыны алатын барлық жобалар үшін қаржылық және экономикалық рентабельділік стандарттары енгізіледі. Шет елдердің оң тәжірибесін ескере отырып мемлекет қаржыландыратын инвестициялық жобаларды бағалау күшейтіледі.

Экономиканы әртараптандыру шеңберінде мемлекет ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасуын келесі принциптерде қамтамасыз етеді:

1) әлемдік деңгейдегі университеттер құру және ҒЗТКЖ-ның озық жүйесін қалыптастыру үшін университеттік ғылымды одан әрі дамыту;

2) гранттар жүйесі негізінде мемлекет үшін басым ҒЗТКЖ қаржыландыру. ҒЗТКЖ басымдықтарын елдің индустрияландыру басымдықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия анықтайды;

3) шетел мамандарын қоса алғанда, сарапшыларды тарта отырып, гранттарға өтінімдерді бағалаудың транспаренттік үдерісін енгізу;

4) ұлттық қажеттіліктерге бейімделген тиімді шетелдік технологияларды қолдану.

Қазақстанды индустрияландыру келесі принциптерге негізделеді:

1) мемлекеттік және жеке меншік секторлардың рөлдерін нақты анықтау;

2) компаниялар мен мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын барынша арттыру;

3) тауарлар сапасы және жұмыстар мен қызметтердің өнімділігі өсуінің, олардың құнын төмендетудің жетекші факторы ретінде бәсекелестікті қамтамасыз ету [4].

Елдің экономикалық мүдделерін қорғау мен жылжытудың сенімді жүйесін қалыптастыру, отандық тауарлар мен қызметтер үшін сыртқы нарықтарға қол жетімділігін жасау және жосықсыз бәсекелестікті жою мақсатында тиімді сауда саясаты жүргізіледі.

Өзара сауданы дамыту, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттігін арттыру мен инвестициялардың өсуіне жәрдемдесу мақсатында Қазақстан ТМД-дағы ықпалдасу үдерістерінің белсенді қатысушысы болады. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Ресеймен және Беларусьпен Кеден одағының қалыптасуы мен дамуы серпінді жоба болады. Үш елдің ықпалдасуының келесі кезеңі 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру болады.

ТМД-дағы өңірлік экономикалық бірлестіктерді қолдай отырып, республика Дүниежүзілік сауда ұйымына елдің экономикалық даму басымдықтарына жауап беретін шарттарда кіру үдерістерін жеделдетеді.

Бірінші сатыда (2010 – 2014 жылдар) отандық экономиканы үдемелі әртараптандыру, бірінші кезекте, жеті бағыт бойынша іске асырылады. Бұл – агроөнеркәсіптік кешен және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі; мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ саласының инфрақұрылымы; металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру; химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібі; энергетика; көлік және телекоммуникациялар.

Осы бағыттар, сондай-ақ туризм индустриясы және машина жасау Қазақстан Республикасының 2010 – 2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың

мемлекеттік бағдарламасының басымдықтары болады.

Екінші сатыда (2015 – 2019 жылдар) әртараптандырудың басым бағыттары мен түйінді көрсеткіштері Қазақстан Республикасының 2010 – 2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелерін ескере отырып анықталатын болады.

Экономиканы жемісті әртараптандыру республиканың орнықты дамуымен, соның ішінде:

– жаңартылатын ресурстар мен энергия көздері негізінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу. Жел энергетикасының, күн және геотермалдық энергетиканың дамуы үшін ынталандырушы жағдайлар жасалады, су ресурстарын бірігіп басқару принциптерін ескере отырып, елдің су ресурстарын тиімді пайдалану технологиялары енгізіледі, сондай-ақ халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде одан әрі күш-жігер жұмсалады;

– инвестициялар тарту, экологиялық проблемаларды шешу, антропогендік ауыртпалықтардың келеңсіз әсерін азайту, табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссияны азайту жөніндегі жауапкершілігін күшейту, қалдықтарды кешенді қайта өңдеу мәселелерін де қамти отырып орнықты дамуды басқару жүйесін оңтайландыру және көмірлілігі төмен экономиканың «жасыл» саясатын енгізу жолымен үздіксіз байланысты [5].

Экономиканы әртараптандыру экономикалық әлеуеттің ұтымды аумақтық ұйымдастырылуын құру мен халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру жөніндегі жоспарлармен үйлестіріледі.

Стратегиялық жоспарлау аясындағы бағдарламалық құжаттарды бағалау жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымы мен олардың арасындағы құзырын бөлісуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізудегі едәуір мүмкін болатын шектеулер:

- стратегиялық жоспарлардың жаңа болуы, 2008 жылы оларды кең масштабта бағалауға мүмкіндік бермейді, ал ең бастысы, олардың іске асырылу нәтижелеріне талдау жүргізугі мүмкіндік бермейді;

- осы бағалауды жүргізуге укілетті орталық мемлекеттік органдардың сараптамалық әлеуеттігінің шектеулігі, оның тар уақыт жағдайында және бір мезгілде бағалауға жататын жоспарлардың едәуір санының болуы кезінде ондай бағалаудың сапасына ықпал етуі немесе оның өз уақытында аяқталуына қауіп төндіруі мүмкін;

- стратегиялық жоспарларды талдауға тартылуы мүмкін мамандардың біліктілігі мен тар мамандығы деңгейіндегі айырмашылығы, олардың объективті бірдей шамадағы сапасы кезінде едәуір айырмашылығы бар бағалауды туғызуы мүмкін және ендеше, тұтастай алғанда негізділігіне күмән келтіреді;

- Қазақстан Республикасындағы бюджеттік процесстердің созылмалы реформалардың жалпы контекстінде стратегиялық жоспарларды (сондай-ақ тиісті мерзімдерді) бекіту мен нақтылау (түзетулер) рәсімдерінің жеткіліксіз іс жүзіндегі талқыланбауы, ол уақыт таңдау мен бағалау жүргізу үшін рәсімдерді белгілеуді қиындатады;

Бағалауға үлкен мән беруге мүмкіндік беретін және сонысымен оны жүргізуден бюджеттік процесстердің барлық қатысушылары үшін пайдалы әсерді ұлғайтатын факторларға бағалау рәсімдеріне саяси жетекшілердің (белгілі бір сатыда) тартылуы, сондай-ақ бағалау барысында айқындалған стратегиялық жоспарларды жасайтын мемлекеттік органдардың белгіленген талаптардан ауытқуларын талқылау мүмкіндіктері жатады.

**Нәтижелерін талқылау** - Қазақстан Республикасында алғашқы стратегиялық жоспар Президентіміздің 1997 жылғы «Қазақстан 2030: Гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмыс жағдайларын жақсарту» үндеуіне сай 1998-2000 жылдар аралығына сай жасалынса, *«Қазақстан 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»* – бұған дейін қабылданып, кезең-кезеңімен жүзеге асып келе жатқан *«Қазақстан-2030» стратегиясының заңды жалғасы. Бүгінгідей жаһанданған дәуірде мұндай стратегиялық басымдыққа ие жобаларды қолға алып, оны іске қосу – заман талабы мен уақыт сұранысы екендігі сөзсіз. Біріншіден*, орташа дамыған индустриялы елдер қатарына қосылғанын атап өтті. *Екіншіден*, бәсекеге қабілетті нарықтық экономика негіздері қалыптасты. *Үшіншіден*,

демократиялық принциптерге құрылған саяси жүйенің іргетасы қаланды. **Төртіншіден**, мемлекеттің қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың белсенді субъектісіне айналды. **Бесіншіден**, Қазақстан әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстарға жауап беретін тұрақты, халқы өзара тату да бейбіт мемлекетке айналды. Еліміз әлемдік рейтингте өмір сүру деңгейі өте жоғары алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына қосылу міндетін ойдағыдай шешті. Сондықтан, Қазақстан үшін өзінің алдағы 40 жыл мерзім ішінде шешетін перспективалық міндеттерін айқындауға деген қажеттілік өмір талабы болды.

Жаңа Жолдауда Қазақстанның 2050-ші жылға дейін әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекет қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы мерзім ішінде жүзеге асырылуға тиісті жеті басымдық белгіленген. Атап айтсақ, олар: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, саликалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан осы бағыттарды өркендете отырып, әлемдік қоғамдастық алдында өзінің беделін арттырып, экономикалық жағынан да қуатты индустриялы елге айналмақ.

Ел Президенті Жолдауында басты мақсат – мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру екендігін баса айтты. *Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру туралы айтқан Елбасы басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізуді тапсырды. «Орталықсыздандыру идеясының мәні – шешім қабылдау үшін құқықтар мен қажетті ресурстарды орталықтан өңірлік билік органдарына беру» деп, Елбасы жауапкершілік пен өкілеттіктерді орталық пен өңірлер арасында бөлу жөнінде нақты шаралар қабылдау керектігін нақты айтықан болатын.*

Қазақстанның 2050-шы жылға дейінгі стратегиялық менеджментінің ерекшеліктері жоспарда көрсетілген түйінді бес бағытпен сипатталады.

Таяу онжылдықта түйінді бес бағыт мемлекет қызметіндегі басымдықтар болады:

- 1) дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- 2) инфрақұрылымды индустрияландыру мен дамыту арқылы әртараптандыруды жеделдету есебінен экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- 3) болашаққа салынған инвестициялар (тұрақты экономикалық өсуге, адам капиталының бәсекеге қабілеттігін арттыру және т.б.);
- 4) халықты сапалы әлеуметтік және тұрғын үй коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
- 5) ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Келтірілген түйінді бағыттардың қысқаша сипаттамасы [6]:

– дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық. Бұл бағыт бірінші онжылдық кезеңінде нәтижесі көрінетін шараларды қамтиды. Ол шаралар – біршама қолайлы бизнес орта құру, қаржы секторын нығайту және құқықтық жүйені жетілдіру.

Стратегиялық жоспар – 2050-ны іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер үшін де және халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды.

Бизнес ахуалды жақсарту жөніндегі стратегиялық мақсаттарының кейбіреулері: 2050 жылға қарай экономиканың шикізат емес секторларына салынатын отандық және шетелдік инвестициялар (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, қызметтер) кемінде 30%-ға ұлғаяды; ЖІӨ-ға (жалпы ішкі өнім) тікелей шетел инвестицияларының (ТШИ) үлесі он пайыздық деңгейге ұлғаяды; ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі 7-10%-ға ұлғаяды және т.б.

Экономиканы қалпына келтіру кезеңінде қаржы жүйесін мемлекеттік қолдау сақталады. Жалпы алғанда, қаржы секторының дамуы елдің үдемелі индустриялы-инновациялық дамуы үшін қаржы ресурстарын тартуға бағдарланады.

Отандық құқықтық жүйені жаңғыртудың тұжырымды ұстанымдары және оның 2050 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының 2030 жылдан 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған.

– экономиканы әртараптандыруды жетілдіру. Стратегиялық жоспар – іске асыру кезеңінде

үдемелі индустрияландыру жолымен экономиканы әртараптандыру жеделдетіледі. Әртараптандыруды жүзеге асыру үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру қажет; бұл мәселені қолдау үшін макроэкономикалық жетілдіруді талап етеді; ұлттық инновациялық жүйені құруды қарастырған жөн. Себебі шетелдік тәжірибені талдау әлемінің барлық үздік инновациялық жүйелері көп жағдайда елеулі мемлекеттік қолдауға ие болатындығын айғақтайды.

Сонымен қатар бұл түйінді бағытты іске асыру үшін табысты индустрияландыру қағидаттарын басшылыққа алу керек. Қазақстанды индустрияландыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) мемлекеттік және жеке меншік секторлардың рөлдерін нақты анықтау;
- 2) компаниялар мен мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын арттыру;
- 3) тауарлар сапасы және жұмыстар мен қызмет көрсетулердің өнімділігі өсуінің, олардың құнын төмендетудің жетекші факторы ретінде бәсекелестікті қамтамасыз ету.

Экономиканы әртараптандырудың стратегиялық мақсаттары 2050 жылға қарай:

- 1) ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі кемінде 13%-ды құрайды;
- 2) шикізаттық емес экспорттың көлемі өңдеу өнеркәсібінің жиынтық өндірісінің кемінде 50%-ын құрайды;
- 3) өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі кем дегенде 2 есе ұлғаяды;
- 4) агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі кемінде 4 есеге ұлғаяды;
- 5) шикізаттық емес сектордың өзіндік құнындағы көліктік шығыстардың үлесі кемінде 15%-ға қысқарады;

- 6) ЖІӨ энергия сыйымдылығы кемінде 25%-ға азаяды, инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі 20%-ға дейін ұлғаяды.

– болашаққа салынған инвестициялар – Қазақстанның адам ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтиды (білім, денсаулық сақтау, еңбек ресурстары).

Экономикалық пайдалар болашақта жұмыс күшінің сапасы мен өнімділігін елеулі түрде арттыратын білім беру мен денсаулық сақтауға инвестициялар салумен тығыз байланысты.

Үшінші бағыттағы еңбек ресурстарының санын ұлғайту жөніндегі стратегиялық мақсаттар мынадай бағдарламамен сипатталады: 2020 жылға қарай Қазақстан халқы санының өсуі 10%-дан кем емес көрсеткішті құрайтын болады; шетел жұмыс күшін қарастырудың мемлекеттік квотасы шеңберінде иммигранттар арасында білікті мамандардың өсуі – 50%-ға дейін қамтамасыз етіледі.

– (халықты әлеуметтік қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық). Бұл стратегияның мақсаттары 2020 жылға қарай:

- а) жұмыссыздық 5%-дан төмен деңгейде болады;
- б) халық арасындағы жұмыспен қамтамасыз етілген жоғары санаты бар жұмыс күшінің үлес салмағы 50%-ға дейін өседі;
- в) ірі және орта кәсіпорындардың ұжымдық еңбек қатынастары жүйесі 90-95%-ға қамтамасыз етіледі;
- г) зейнетақы жүйесінің барлық деңгейлерінде зейнетақының барабар және әлеуметтік әділ деңгейі қамтамасыз етіледі;
- д) елдің әр өңіріндегі тұтынушылардың кемінде 70%-ы коммуналдық қызмет көрсету сапасына қанағаттанады.

– ұлтаралық келісім, қауіпсіздік халықаралық қатынастардың тұрақтылығы, ішкі тұрақтылықты қолдау.

Осылайша, Ішкі саяси салада 2050 жылға дейінгі кезеңде бейбітшілік пен келісімді, Қазақстан қоғамының орнықтылығы мен тұрақтылығын сақтау негізгі мақсаттар болып қала береді.

Қазақстанның 2050-шы жылға дейінгі бес түйінді бағыты негізгі ұтымды макроэкономикалық саясат болып табылады.

Бір кездері асу бермес асқар таудай көрінген «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасын мерзімінен бұрын жүзеге асырған еңселі елдің Қазақстан -2050-ді де еңсерері анық.

**Қорытынды.** Сонымен, жоғарыда жүргізілген зерттеулер бойынша жоспарлау экономикалық тетік ретінде нақты нысанның кәсіпорынның нақты кезеңге көрсетілген бағдарламаны жүзеге

асырудың белгіленген тәртібін, ретін көрсетеді. Стратегиялық даму жоспары елдің экономикасын және әлеуметтік дамытудың стратегиялық бағыттарына ірі ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға салық, несие, қаржы саясатын жүзеге асыруға тұрақты ақша айналымын қамтамасыз етуге шоғырландырушы құжаты бола отырып, болашақтағы дамуды анықтау, сонымен қатар, алға қойылған мақсатқа жетудің жолдары мен әдісін белгілеу, міндетті орындауда болуы, ықтимал шығындар мен зауалымдарды көруді қамтиды деп түйін жасауға болады. Стратегия егеменді елімізді әлемнің ең қауіпсіз, тұрақты, экологиялық орнықты, экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерінің біріне айналдыруға бағытталған ұзақ мерзімді даму жолын айқындап берді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, «Білім», 1998.
- [2] Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы. – Астана
- [3] Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары: ҚРсы Президентінің 2010 ж. 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген // Егемен Қазақстан, 2010 ж. 12 ақпан. бет 3
- [4] Жанғазы, Р. Қазақстанның бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру аясында стратегиялық даму бағыт бағдарлары // Қоғам және дәуір, 2006. №4. бет 15-19
- [5] Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, "Егемен Қазақстан газеті" № 7 шығарылым, 2013ж, 5-7 б.
- [6] Тұрапбайұлы, А. Стратегия дамуға бастаған басты құжат // Егемен Қазақстан 2009 ж. 13 қазан. бет 12

#### REFERENCES

- [1] N.Ә. Nazarbayev. Kazakstan – 2030. Barlyk kazakstandyqtardyñ ösip-örkenderüi, қаuiпсіzdіgі zhөne әl-auqa тының artuy: Yel Prezidentinің Kazakstan khalkyna Zholdauy. Almaty, «Bіlim», 1998.
- [2] N.Ә. Nazarbayev Kazakstan Respublikasynың indutriyalық, -innovatsiyalyk, damuynың 2003-2015 zhyldarğa amalğan strategiyasy // Kazakstan Respublikasy Prezidentinің 2003 zhylygy 17 mamyrdaғы № 1096 Zharlygy. – Astana
- [3] Kazakstan Respublikasynың 2020 zhylyğa deyingi Strategiyalyk, damu zhospary: Kazakstan Prezidentinің 2010 zh. 1 aqpanдағы №922 Zharlygyмен bekitilgen // Yegemen Kazakstan, – 2010 zh. 12 aqpan. – bet 3
- [4] Zhanğazy, R. Kazakstannың bәsekelestikke kabilettiligін arttyru ayasynda strategiyalyk, damu bağyt bağdarlary // Qoғam zhөne дәuir, – 2006. – №4. – bet 15-19
- [5] Kazakstan Respublikasynың Prezidenti - Yelbasy N.Ә. Nazarbayevtyң «Kazakstan-2050» strategiyasy kalyp taskan memleketinің zhanа sayasi bağyty» atty Kazakstan khalkyna Zholdauy, "Yegemen Kazakstan gazetі" № 7 shyğarylym, 2013zh, 5-7 b.
- [6] Turapbayuly, A. Strategiya damuға bастаған bastы kұzhat // Yegemen Kazakstan 2009 zh. 13

#### Опыт стратегического планирования в Казахстане и направления развития

Турекулова Д. М., Досмамбетова Ф.К., Байбашева Г.К.

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

\*E-mail: [Dos54@mail.ru](mailto:Dos54@mail.ru)

**Ключевые слова :** стратегия , стратегическое планирование, диверсификация.

**Аннотация:** Государственное планирование становится все более актуальным для государственного регулирования по реализации задач, поставленных Президентом Республики Казахстан в Послании народу Казахстана по вхождению в число 50-ти конкурентоспособных стран мира. Задачей новой системы государственного планирования в Республике Казахстан является обеспечение исполнения Стратегии «Казахстан-2030», Стратегического плана развития до 2020 года, утвержденного Президентом Республики Казахстан, и всех других стратегических документов, принимаемых для дальнейшего развития Казахстана.

В данной статье рассматривается практический опыт формирования стратегического планирования в Казахстане, а также раскрываются наиболее существенные аспекты стратегического планирования. Также в статье описаны стратегические цели и задачи, промежуточные результаты стратегии и программ Республики Казахстан.

Рассмотрены основные направления совершенствования системы государственного стратегического планирования, ориентированного на результаты в Республике Казахстан. Показана задача увязки бюджетных программ с приоритетами государственной политики, с распределением бюджетных ресурсов по стратегическим целям.

**Турекулова Даматкен Медихановна.** - д.э.н., профессор Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. (Астана) **87027186168** [Gau888@mail.ru](mailto:Gau888@mail.ru)

**Жуманова Бекаршин Кимашевна** – к.э.н., доцент Казахского университета Технологии и Бизнеса (Астана)

**Сырлыбаева Назгуль Шенгельбаевна** – к.э.н., доцент Казахского аграрного университета им С. Сейфуллина

**Абдулина Гульнар Абдулиновна** – к.э.н., доцент Нового экономического университета им. Т. Рыскулова